

А.А. Иманбаева^{1*}, Н.И. Ляпбаева²

¹Қазақтың спорт және туризм академиясы, Алматы, Қазақстан;

²Логистика және көлік академиясы, Алматы, Қазақстан

(E-mail: imanbayeva1804@mail.ru, lyapbai-n@mail.ru)

Қазақстандағы азаматтық қоғам мәселелері

Мақала Қазақстандағы азаматтық қоғамның қалыптасу мен даму бағыттарына арналған. Қазіргі кездегі еліміздегі азаматтардың құқығы, еркіндігі мен бостандығы және заңның үстемдік етуі тақырыпқа тірек болып табылады. Азаматтық қоғам ұғымы туралы анықтамалар, мақсаттары мен міндеттері және олардың Қазақстандағы қалыптасу тарихы мен кезеңдері жайлы мәліметтер келтірілген. Азаматтық қоғамда азаматтарға берілетін мүмкіндіктер мен олардың заң аясындағы әрекеттері көрсетілген. Мақалада еліміздегі азаматтық қоғам институттарының тиімділігін арттыру мәселелері қарастырылды. Кеңестік жүйе кезінде билік халықтың алдында есеп бермейтін, қоғам биліктің қызметінің насихатталу жағынан ғана хабардар болып, оған ықпал ету жағынан мүмкіндігі шектеулі болатын. Ал, қазіргі кездегі Қазақстандағы демократиялық жағдайдағы жаңа саяси жүйенің қалыптасуы мен даму мәселелері еліміздегі қоғам мен билік арасындағы қарым-қатынастарды зерттеудің пісіп-жетілгендігін көрсетеді. Саяси жүйедегі біржақты байланыс біртіндеп екіжақты қарым-қатынасқа орын береді, яғни, мемлекеттік билік органдары мен халықтың ашық жұмыс істеу жағдайында, олардың өзара байланысын тудырады. Заң үстемдік еткен қоғамда ғана азаматтық қоғам ұйымдары толыққанды жұмыс жасайтындығы анықталады.

Кілт сөздер: азаматтық қоғам, саяси партиялар, кәсіподақтар, қоғамдық ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар, діни бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдары.

Кіріспе

Қазіргі таңда Қазақстан посткеңестік мемлекеттердің ішінде өзінше дамудың жаңа үлгісін қалыптастырып келе жатқан жас мемлекеттердің бірі. Жас мемлекеттің дамуы да экономикалық-саяси, әлеуметтік және мәдени т.б. жағынан жаңаша бағыттармен қалыптасатыны белгілі. Демократияны қалыптастырып келе жатқан біздің мемлекетіміз үшін, нақты саяси қадамдар жасау оңай болған жоқ. Дегенмен, Қазақстан дербес мемлекет ретінде әлемдік саясатта өзінің саяси позициясындағы демократиялық ұстанымдарымен ерекшелене алады. Қазір әлем елдерінде адамдардың өздері құрған бірлестіктері олардың теңдік, әділеттілік, еркіндік сияқты құндылықтарымен астасып жатыр. Азаматтық қоғамда негізгі басымдық — заңның үстемдік етуі. Осы тұста тұлғаның еркіндігі, оның көзқарасы мен әртүрлі мүдделеріне мемлекеттің қол сұқпауы, азаматтық қоғамның ұстанымдарын көрсетеді. Күннен күнге азаматтық қоғам институттарына қажеттілік артып келе жатқандығының өзі тақырыптың өзекті екендігін көрсетеді. Демек, адамның жеке дара құқығы мен оның ар-ождан бостандығы басты орынға қойылатын құқықтық мемлекет ұғымымен тығыз байланыстылығын айтып өту орынды. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, саяси жүйедегі жаңа сайлау жүйесін қалыптастыру қоғам мен билік арасындағы қордаланған мәселелерді тиімді де нәтижелі шешуге болатындығына бағыт берді. Ал, оның саяси мәні саяси мәселелердің өзіндік ерекшелікте болуынан, билік пен қоғамның өзара бейімделуіне қажеттіліктің туындауынан, азаматтық қоғам қалыптастырудағы алғышарттардың негізделуінен, жеке тұлғаның рөлінің артуынан, ортақ мүдде үшін әлеуметтік-саяси институттар қызметінің бірлесіп әрекет етуінен айқындалды.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында, салыстырмалы, тарихи, жүйелеу, талдау, әлеуметтік, болжамдық, ғылыми объективтілік тәсілдері қолданылды. Теориялық тұрғыдағы зерттеулермен қатар, тәжірибеде орын алып жатқан әлеуметтік-саяси құбылыстармен байланыстыра отырып, соның негізінде зерттеу жұмысы орындалды.

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: imanbayeva1804@mail.ru (А.А. Иманбаева)

Нәтижелер және оларды талқылау

Ең алдымен азаматтық қоғам ұғымына анықтама беріп өтсек: Азаматтық қоғам — саяси үкіметке тәуелсіз жұмыс істейтін және оған ықпал жасауға қабілетті әлеуметтік қатынастар мен институттар жиынтығы; дербес жеке адамдар мен әлеуметтік субъектілер қоғамдастығы. Қандай да болмасын қоғамдық мәні бар идеяларды қабылдау қашанда сұхбатты, яғни сұхбаттасушы жақтардың түрлі көзқарастарын және маңызды тепе-теңдігін білдіреді. Ешкім ешкімге өз түсінігін мойындатуды да, ешкім ешкімді дәлме-дәл қайталауды да мақсат етпейді. Идеялар белгілі қоғамның, әлеуметтік дамудың талаптарына сәйкес келетіндіктен қабыл алынады. Сондай идеялардың қатарына азаматтық қоғам идеясы жатады. Азаматтық қоғам туралы әртүрлі көзқарастар, әртүрлі бағдарлар бар. Қазірде азаматтық қоғамның жалпыға бірдей ортақ анықтамасы жоқ. Дегенмен әлемдік әлеуметтік-философиялық ғылымда бұл феноменді зерттеудің екі түрлі бабы бар. Біріншісі азаматтық қоғамды әлеуметтік әмбебап категория ретінде қарастырады. Бұл ұғымға олар мемлекетке, өкімет құрылымдарына қарама-қарсы қойылған қоғамдық қарым-қатынастардың бүкіл жиынтығын сыйғызады. Екіншілері азаматтық қоғам ұғымының мағынасына шынайы батыстық феноменді жатқызады да, оны буржуазиялық (нарықтық-демократиялық) қарым-қатынастардың қалыптасуымен байланыстырады [1].

Азаматтық қоғамның кең және тар мағынасы бар. Кең мағынасында азаматтық қоғам ұғымы мемлекетке тәуелді емес ұйымдардан тұрады. Яғни мемлекетке тәуелсіз ұғымды білдіреді. Ал, тар мағынасында құқықтық мемлекет ұғымымен тығыз байланысты болып келеді [2; 255]. Демек азаматтық қоғам деп біздіңше, адамдардың өздері құрған әртүрлі ұйымдарымен олардың мемлекетке бағынышты емес, керісінше өз позициясының дұрыстығымен мемлекеттің адамдар алдында есеп беруін қадағалайтын және талап ететін, құқықтық мемлекеттің қалыптасуына түрткі болатын бағыт-бағдардан тұратын бірлестіктер деп айтуға болады. Жалпы азаматтық қоғамның міндеті, мақсаты, институттары және олардың тиімділігін арттыру жолдарын төмендегі келтірілген мәліметтерден көреміз.

Азаматтық қоғамның міндеті — жеке адам мен мемлекет арасында делдал болу. Азаматтық қоғамның мақсаты қоғамның әр мүшесінің мүдделерін қорғау, оның мүдделерін билік пен қоғам алдында бейімдеу, билік қызметін қоғамдық бақылау әрі оның ішкі және сыртқы саясатын қалыптастыру болып табылады. Азаматтық қоғам институттарына саяси партиялар, жергілікті қоғамдастықтар, кәсіптік одақтар, діни бірлестіктер, шығармашылық, қоғамдық және ғылыми одақтар мен бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ қоғам үшін түрлі қызмет пен қызмет көрсетулердің кең ауқымын іске асыратын, қызметтің алуан түрін жүзеге асыратын мемлекеттік емес қорлар, коммерциялық емес мекемелер, заңды тұлғалар одақтары (қауымдастықтары), қоғамдық пайдалы міндеттерді шешетін басқа да ұйымдар мен бастамашыл топтар түрінде құрылған мемлекеттік емес ұйымдар жатады.

Сонымен қатар, тұжырымдамада мынандай мәселелер қамтылған: үкіметтік емес ұйымдар сегментінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру тетігін жетілдіру мен оның ашықтығын қамтамасыз ету, оны іске асыру тетігі мен рәсімдерін жақсарту, үкіметтік емес ұйымдардың басым әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды айқындауға қатысуы мәселелерін көздеу қажет. Алда халықаралық стандарттарды ескере отырып, азаматтардың бейресми бірлестіктерінің мәртебесі туралы мәселені шешу, оның ішінде тіркеу тәртібін жетілдіру тұр. Елдің коммерциялық секторы мен ірі бизнесін үкіметтік емес ұйымдар жобаларын қаржыландыруға ынталандыратын нормативтік құқықтық база жасаудың маңызы зор. Мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимыл процесін тұтастай тереңдету, әсіресе өңірлер мен ауылдық жерлерде үкіметтік емес ұйымдар бөлігін дамытуды қолдаудың институционалдық және ұйымдық базасын нығайту қажет.

Саяси партиялардың алдында міндеттердің сапалы жаңа дейгейі тұр. Олардың қоғамдық-саяси өмірдегі және мемлекеттік басқарудағы рөлінің артып келе жатқанын ескере отырып, әсіресе олардың өкілеттіктерін кеңейту, мемлекеттік тіркеу процесін оңайлату, тіркеу құжаттарын тексерудің ашық тетігін әзірлеу мен енгізу, біріктіру, қосылу және басқаларын заңнамалық реттеу тетіктерін жетілдіру бөлігінде тиісті заңнаманы жетілдіру қажет.

Кәсіптік одақтар мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатын әзірлеуге және іске асыруға белсене қатысуға тиіс. Бұл үшін ұлттық заңнаманы Халықаралық еңбек ұйымының Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық конвенцияларын ескере отырып дамыту маңызды.

Тұтастай алғанда, ұжымдық шарттар мен келісімдер еңбекшілер құқықтарын қорғаудың пәрменді тетігіне айналуына, ал еңбек заңнамасының меншік нысанына қарамастан, барлық кәсіпорындарда сақталуына және қажет болған жағдайда кәсіподақтардың өз құқықтарын наразылық нысанында іске асыра алуына қол жеткізу қажет.

Бұқаралық ақпарат құралдары саласы отандық теледидар мен радионың, газеттер мен журналдардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін экономикалық ынталандыруды көздейтін тиімді заңнама жасауды талап етеді. Ақпараттық саясатқа мемлекеттік тапсырыс шеңберінде бюджет қаражатын орналастырудың ашықтығын қамтамасыз етуге, ақпараттық сала үшін кадрлар даярлаудың, журналистер мен бұқаралық ақпарат құралдарының құқықтық қорғалу деңгейін арттыруға, ақпарат алуға құқықтың сақталу ахуалын жақсартуға байланысты мәселелер кешенін шешу қажет.

Діни бірлестіктер бөлігінде құқыққа қайшы іс-әрекет жасау үшін дінді пайдалануға жол бермеу мақсатында бұдан әрі де қажетті жағдайлар жасау қажет. Алда діни бірлестіктердің ерекшеліктері ескерілетін және діни экстремизмнің алдын алуға, жастардың, әсіресе шетелде діни білім алуын мемлекеттік бақылаудың тиімді жүйесін құруға, өз қатарына отандастарды мәжбүрлеп тартып, күш қолдану және психологиялық қысым көрсету жолымен алаяқтықпен айналысатын сектанттық ұйымдар қызметінің жолын кесуге бағытталған ұйымдық және құқықтық шаралар кешенін қабылдау керек [3]. Байқағанымыздай, азаматтық қоғам институттарының ауқымы өте кең. Қабылданған тұжырымдамада үкіметтік емес ұйымдардың қызметін жетілдіру және олардың қоғамдағы белсенділігін арттыру мәселелері көзделген. Көрсетілген мәселелер кезең-кезеңімен күні бүгінге дейін жүзеге асырылып келеді.

Ал, еліміздегі азаматтық қоғам мәселесіне келетін болсақ, Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабының 1-пунктінде: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» [4;10] деп нақтылы көрсетілген. Демек, мемлекет аумағында өмір сүріп отырған азаматтардың сөз бостандығы мен еркіндіктерінің болуы, жеке тұлға ретінде кез келген кәсіппен айналысуға және билікпен өзара байланысқа түсуге толыққанды құқылы екендігін көрсетеді. Яғни, бұл дегеніміз заң үстемдік еткен қоғамда тұлғаның мүмкіндігінің мол екендігінің көрсеткіші.

Шындығына келгенде, Қазақстанда 1990 жылдардың алғашқы кезеңінде азаматтық қоғам ұғымын азаматтар толыққанды түсінген жоқ. Оған бірінші кезекте түсіндіру жұмыстары мен ғылыми зерттеулердің жеткіліксіздігі себеп болды деп есептейміз. Яғни, насихатталу мен ақпараттандыру жағы аз болды. Көбінесе шетелдік ғылымнан келген бұл ұғым бірден Қазақстанға тарала кеткен жоқ, дегенмен оның бастапқы қадамдары сол кездерден бастап елімізде іргетасын қалады.

Қазақстанда алғашқылардың бірі болып экономиканың мемлекеттік емес секторы қызметкерлерінің мүдделерін білдірген тәуелсіз кәсіподақтар пайда бола бастады. Бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық және діни бірлестіктер, саяси партиялар белсенді түрде институцияланды. «Невада—Семей» қоғамдық қозғалысы азаматтық сана-сезімнің анағұрлым жарқын көрінісі болды, ол өз алдына ядролық полигондарды жабу міндетін қойды. 1990 жылдардың басында әлеуметтік қорғау коалициясы құрылды, оның аясына қоғамдық өткір проблемаларды талқылау, оларды шоғырланған негізде шешудің тетіктерін іздестіру жолымен еңсеру жөнінде бірлескен жұмыс үшін 28 түрлі ұйымдар, партиялар, қозғалыстар бірікті. 1994 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастары саласындағы әлеуметтік серіктестік жөнінде республикалық үшжақты комиссия құру туралы қаулыға қол қойды, бұл сындарлы үшжақты қатынастарды дамытуға және әлеуметтік серіктестік жүйесін құрудың бастауы болды.

Партиялар мен қозғалыстардың құрылуы мен жұмыс істеуі және тиісінше, елдің партиялық жүйесінің одан әрі дамуы үшін құқықтық өріс құруға 1995 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясы мен 1996 жылы Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» және «Саяси партиялар туралы» Заңдарының қабылдануына ықпал етті. Бұдан басқа, Қазақстан халықтары Ассамблеясына біріккен ұлттық мәдени орталықтар белсенді дами бастады. Этносаралық келісім елде реформалар жүргізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін іргетасқа айналды [5]. Азаматтық қоғам институттарына — жоғарыда көрсеткендей саяси партияларда жататыны белгілі. Жақында ғана елімізде 2021 жылдың қаңтар айында өткен ҚР-ның Парламентінің төменгі палатасы Мәжіліске депутаттыққа партиялық тізім бойынша сайланған болатын. Сайлауға елімізде танымал 5 партия

катысып, депутаттық мандат үшін саяси күрес жүргізді. Олар: «Nur Otan» партиясы, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы, «Ақ жол» демократиялық партиясы, «Адал» партиясы, Қазақстан Халық партиясы. Біздіңше, сайлауға түскен саяси партиялардың көпшілігінің жеңіліске ұшырауы, саяси бағдарламалары мен мақсаттарының айқын еместігінде немесе ұқсастығында. Халық саяси партиялардың аттарын есте сақтағанымен, олардың бағдарламалары нақты болмағандықтан, оларды қолдауға аса мән бермейді. Сол себепті саяси партиялар халық арасында саяси қолдауды жоғалтады.

Біздіңше, Қазақстандағы саяси партиялар арасындағы саяси бәсекелестік әлі де жоғары дәрежеге жете қойған жоқ. Себебі, саяси партиялар біздің мемлекетімізде қоғаммен байланысқа тек, сайлау алды науқан кезінде ғана байланысқа түседі де, одан кейін халықпен байланыс азаяды. Сондықтан, халықта саяси партияларға сеніммен емес, күдікпен қарап сенімсіздік танытатыны белгілі. Сондай-ақ, сайлау алды науқан кезінде ғана саяси партиялардың бағдарламаларымен таныс болады да, басқа уақыттарда қандай партиялардың бар екендігінен мүлдем хабарсыз қалады. Азаматтық қоғамда азаматтар нақты таңдау жасау үшін, өзіне қажетті саяси партиялардың өз мүдделеріне сай келетіндігінен алдын ала хабардар болып, дұрыс таңдау жасау мүмкіндігіне ие болады.

Біздің еліміздегі саяси партиялардың қоғаммен қарым-қатынасын сайлау мерзіміндегі дауыс беру процесінен де байқауға болады. Қазақстан азаматтарының сайлауға қатыспауын анықтау күрделі мәселе екені ғалымдарды толғандыруда. Сайлауға қатыспау процесі басқа да елдердің тәжірибелерін де орын алатын қалыпты жағдай. Сол себепті сайлауға қатыспаудың нақты бір анықтамасы мен дәлелі жоқ. Дегенмен, сайлауға қатыспау арқылы біріншіден, мемлекет азаматтары өздерінің билікке деген қарсылығын көрсетсе, екіншіден, өз дауыстарының саяси шешім шығаруға ықпал ететіндігіне сенімсіздікпен қарайтындығын да анықтайды. Демек, сайлауға қатыспау демократиялық ұстанымдарды нығайтуға бет бұрған елдер үшін қауіп тудыратын жағдай деуге де тұрарлық. Заң шығару процесіне де азаматтық қоғам ұйымдары ықпал ете алуы тиіс. Тек сол кезде қоғам мен билік арасындағы екіжақты тиімді өзара байланыс орнайтындығына сенім қалыптастырады.

Дәл қазіргі таңда еліміздегі азаматтық қоғам институттарына жататын тағы бір ұйым — Қазақстан азаматтық альянсын айтуға болады. Қазақстан азаматтық альянсы еліміздегі 500-ден астам үкіметтік емес ұйымдардың басын біріктіріп отырған республика деңгейіндегі үлкен бір бірлестік болып табылады. Ұйымның мақсаты — қоғамның, үкіметтік емес ұйымдардың мүдделерін қорғау және білдіру, түрлі деңгейде — бизнес құрылымдар, әкімшіліктер, Үкімет, Парламент, халықаралық ұйымдарға олардың мүдделерін жеткізу. Сонымен қатар еліміздегі жемқорлықпен күрес, үкіметтік емес ұйымдар желісін көбейту, Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдардың байланыстарын күшейту және үкіметтік емес ұйымдардың корпоративтік этикасын дамытумен шұғылданады. Бұл ұйымның қызметі соңғы кезде жанданып келе жатқандығын күнделікті бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерінен байқауға болады. Мәселен, Қазақстан азаматтық альянсының әр қалаларда өткізген форумдары мен ондағы күн тәртібінде көтерілген өзекті мәселелер, азаматтық қоғам мүдделерін білдіреді. Дегенмен, ұйымның қызметін әлде болса жандандыру шаралары қажет. Сонда ғана бізде азаматтық қоғам ұйымдарының тиімді жұмыс нәтижелерін көреміз. Үкіметтік емес ұйымдардың ішінде, елімізде қоғам мен билік арасындағы мәселені көтеретін қоғамдық-саяси бағыттағы ұйымдар аз деуге болады. Қазіргі уақытта Қазақстанда танымалдыққа ие болып тұрған әлеуметтік бағыттағы ұйымдардың қызметі екені жасырын емес, соның ішінде қайырымдылық қорлары мен еріктілер одағы екендігі мәлім. Әсіресе, бүкіл әлемді пандемия жайлаған кезде, бұл ұйымдардың қызметтері жандана түсті. Мемлекет басшысы Қ.-Ж.К. Тоқаевтың өзі 2020 жылды «Волонтерлер жылы!» деп жариялауының өзі, азаматтық қоғам ұйымдарына елімізде басымдық беріп келе жатқандығының нақты бір дәлелі екендігін көрсетті.

Мемлекетіміздегі азаматтық қоғам институттарының қызметін келешекте де белсенділігін арттыру мақсатында Тұжырымдамалар қабылданды. Онда мынадай мәселелер нақты көрсетілді:

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан халқы өзін еркіндік, теңдік және келісім мұраттарын ұстанатын, әлемдік қоғамдастықта лайықты орын алуды қалайтын бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғынады.

Қазақстанның негіз қалаушы қағидаттары — қоғамдық келісім, саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму, патриотизм және мемлекет әмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу.

Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы әзірленді.

Тұжырымдамада азаматтық қоғамды және оның институттарын дамыту үшін жағдайлар жасау, идеологиялық және саяси әр алуандылық пен бәсекелестікті, пікірлердің плюрализмі, азаматтық белсенділік нысандары мен әдістерінің әртүрлі болуын ескере отырып, мемлекет пен қоғамның түйінді міндеттерін толыққанды шешу мақсатында оларды талқылауға азаматтарды тарту жөніндегі шаралар бекітіледі.

Азаматтық қоғам Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясында. Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактіде бекітілген пікір білдіру және бейбіт жиналыстар еркіндігі құқықтарын қамтамасыз ету қажеттігін ескере отырып, құқықтық, демократиялық, әлеуметтік мемлекет құрудың негізгі шарттарының бірі бола отырып, мемлекетпен және бизнеспен тең құқылы әрі сындарлы әріптестікке негізделуге тиіс [6]. Сондықтан, еліміздегі азаматтық қоғамды дамыту мақсатында әртүрлі шаралар жүргізілуі қажет. Ол еліміздегі реформалармен қатар жүргізілсе тиімдірек болып табылады. Қоғамдағы азаматтардың билікке ықпал ете алатындығына және билікті қоғамның пікірімен санаса отырып қалыптастыра алатындығына сенімді қалыптастыру үшін еліміздегі азаматтық қоғам институттары дұрыс қызметтер атқаруы тиіс. Азаматтық қоғам бір кезеңде қалыптасып кететін процесс емес, оның қалыптасуы мен дамуы ұзақ кезеңдерден тұратын күрделі процесс. Осыған орай, еліміздегі азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуын біз мынадай кезеңдерге бөліп қарастырамыз:

Бірінші кезең, 1991–2000 жылдар азаматтық қоғам ұғымының Қазақстандағы алғашқы қадам басқан кезеңі. Демократиялық принциптерді ұстана отырып, жаңаша бағыттардың заңдық базасының қалыптасуы.

Екінші кезең, 2000–2010 жылдар аралығы. Үкіметтік емес ұйымдардың жұмыстарын жандандыру кезеңі. Әртүрлі қайырымдылық қорлары мен бизнесті дамытуға бағытталған бірлестіктер мен ұйымдардың қалыптасуы.

Үшінші кезең, 2010–2021 жылдар аралығы. Азаматтық қоғамды дамытудың жаңаша бағдарламалары мен тұжырымдамаларын қамтиды. Мемлекеттің үкіметтік емес ұйымдарды қолдауы, бірлестіктер саны мен сапасының арту кезеңі.

Билік пен азаматтық қоғам бірін-бірі өзара толықтыратындықтан, олардың ынтымақтастығы мынадай өзара іс-қимыл қағидаттарына негізделуге, бірақ олармен шектелмеуге тиіс:

- қоғамның экономикалық, саяси және идеологиялық плюрализмін мемлекеттің тануы;
- мемлекеттің адам мен азаматтың құқықтарын ең қымбат құндылық деп тануы және оны қорғауы, мемлекеттің азаматтардың жеке өміріне араласпауы.
- мемлекеттік органдар азаматтардың және олардың бірлестіктерінің конституциялық тәртіп шеңберінде өз алдарына дербес мақсат қою және өз қызметін басқару құқығын құрметтейді;
- азаматтық қоғам мен мемлекеттің өзара міндеттері мен жауапкершілігінің болуы. Қоғамдық мүдделер пайдасындағы қызмет азаматтар бірлестіктерінен де, мемлекеттік органдар институттарынан да ашықтықты, жауапкершілік сезімін және өз қызметі мен оған жұмсалатын қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп беруге әзірлікті талап етеді;
- қоғам мен мемлекеттің зорлық-зомбылық және заңсыз іс-әрекеттерді пайдаланудан өзара бас тартуы;
- азаматтар бірлестіктері мен мемлекеттік органдардың орынды ынтымақтастықты жүзеге асыруға және қоғам мүдделеріне сәйкес іс-қимылдарды жақсарту үшін міндеттерді бөлуге мүмкіндік беретін әріптестігі;
- азаматтық бастаманың саяси тәуелсіздігі. Азаматтардың бірлестіктері өз қызметі бойынша заң шеңберінде еркін және тәуелсіз болып табылады. Бюджеттер және жария сектор қорлары есебінен азаматтық бастаманы қолдау кезінде саяси сипаттағы шектеулерден аулақ болу керек;
- сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, мемлекеттік органдар азаматтардың бірлестіктері қатарынан ынтымақтастық бойынша шарттық әріптестерді таңдаған, сондай-ақ жария қызметтер көрсеткен және азаматтар бірлестіктеріне өзге де міндеттерді берген кезде сыбайлас жемқорлық тәуекелін жоққа шығаруға ықпал етеді [6]. Биліктен халықтың шеттетілуі, билікке деген қоғамның сенім артпайтындығын көрсетеді. Сол себептен, билік қоғаммен арақатынасты қалыпқа келтіруде кері байланыс құралдарын жеткілікті түрде пайдалануы тиіс деп ойлаймыз. Яғни, сөзден іске көшетін кезең жетті. Саясат сахнасындағы субъектілердің халықтың талап-тілектерін ескеріп, нақты шешімдер қабылдауы заңды құбылыс болып қалыптасуы тиіс. Билік пен қоғам арасындағы

арақатынас тең дәрежеде өрбіген кезде ғана, біз демократиялық принциптерді нығайтуға, азаматтық қоғамды дамытуға бет бұрдық деп айтуға болады деген ойдамыз.

Сонымен азаматтық қоғам демократиялық принциптерді ұстана отырып, мемлекеттің дұрыс бағытта дамуына ықпалын тигізеді деп нақты айта аламыз. Қазақстандағы азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамаларында көрсетілген мәселелер біртіндеп жүзеге асырылып келеді. Өйткені, азаматтық қоғамды бір күнде орнату мүмкін емес мәселе. Дегенмен, азаматтық қоғамның қалыптасуы өте ұзаққа да созылмауы керек, оның дұрыс қалыптасуына әр азамат үлес қосқанда ғана тиімді нәтижелер болады. Келмеске кеткен кеңестік ұстанымдарды қолданудың қазіргі таңда еш маңызы жоқ, яғни мен билікте менің айтқаным болады емес, керісінше мемлекеттің азаматы бола отырып, оның билікке заңды түрде ықпал ете алатындығының көрсеткіші болуы керек. Қоғамдағы кез келген азамат азаматтық қоғамның қалыптасып, дамуына ықпал ете алатындығына сенімді болуы керек. Себебі, заң үстемдік ететін мемлекетте бірінші кезекте тұлғаның еркіндігі мен бостандығы, пікір алуандығы, ашықтық сияқты ұстанымдар алға шығады.

Қорытынды

Қазақстандағы азаматтық қоғамның қалыптасып, одан әрі дамуына ықпал ету үшін қарапайым азаматтардың билікке деген сенімін қалыптастыру қажет болып табылады. Билік азаматтардың пікірімен санаса отырып тиімді заңдар шығарып, шешімдер қабылдайтын болса ішкі саясатта кері байланыс дұрыс бағытты қалыптастыра алады. Азаматтық қоғамда оның мүшелері мемлекеттен тәуелсіз болады деген сөз заңға қайшы келу дегенді білдірмейді. Керісінше заң үстемдік ете отырып екі тараптың бірлесе отырып жұмыстар атқаруы, азаматтық қоғамның тиімді нәтижелерін көрсетеді деп білеміз. Қазақстанда азаматтық қоғам мәселесі ғылыми жағынан құқықтық, тарихи-философиялық тұрғысынан зерттелу үстінде, саяси тұрғыдан әлі де болса да ғылыми зерттеулерді қажет етеді. Отандық ғылымда азаматтық қоғам мәселесі тақырыптарына қатысты шешілмеген мәселелер өте көп. Солардың бірі, үкіметтік емес ұйымдардың әрқайсысын жеке зерделеудің өзі өзекті мәселелерден тұрады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Азаматтық қоғам [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://kk.wikipedia>.
- 2 Пугачев В.П. Введение в политологию / В.П. Пугачев, А.И. Соловьев. — М.: Аспект Пресс, 2005. — 477 с.
- 3 Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006–2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 шілдедегі № 154 Жарлығы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz>.
- 4 Қазақстан Республикасының Конституциясы. — Алматы: Жеті Жарғы, 2005. — 192 б.
- 5 Тұрлаев А.В. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуы / А.В. Тұрлаев, А.Б. Шакирова. — [Электрондық ресурс] — Қолжетімділік тәртібі: <https://articlekz.com/>.
- 6 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 2 маусымдағы № 341 қаулысы. «Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы — [Электрондық ресурс] — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz>.

А.А. Иманбаева, Н.И. Ляпбаева

Проблемы гражданского общества в Казахстане

Статья посвящена становлению и развитию гражданского общества в Казахстане, а именно правам и свободам граждан в нашей стране и верховенству закона сегодня. Авторами приведены определения, цели и задачи концепции гражданского общества, а также информация об истории и этапах его становления в Казахстане. Указаны возможности, предоставляемые гражданам в гражданском обществе, и их правовые действия. В статье рассмотрены вопросы повышения эффективности институтов гражданского общества в республике. При советской системе правительство не было подготовлено народу, и общественность знала только о деятельности правительства и имела ограниченные возможности влиять на нее. А вопросы формирования и развития новой политической системы в нынешней демократической ситуации в Казахстане показывают зрелость изучения взаимоотношений общества и власти в стране. Одностороннее общение в политической системе постепенно уступает место двусторонним отношениям, то есть создаются условия для их взаимодействия в открытой работе органов государст-

венной власти и населения. Только в обществе, где правит верховенство закона, очевидно, что организации гражданского общества полностью функционируют.

Ключевые слова: гражданское общество, политические партии, профсоюзы, общественные организации, неправительственные организации, религиозные объединения, СМИ.

A.A. Imanbayeva, N.I. Lyapbayeva

Civil society problems in Kazakhstan

The article is devoted to the formation and development of civil society in Kazakhstan. The topic is the rights and freedoms of the citizens of our country today, and the law supremacy. The definitions, goals and objectives of the concept of civil society, information about the history and stages of its formation in Kazakhstan are given. The opportunities provided to citizens in civil society and their legal actions are indicated. The article examines the issues of increasing the efficiency of civil society institutions in the country. Under the Soviet system the government was not accountable to the people, and the public knew only about the activities of the government and had limited opportunities to influence it. And the issues of the formation and development of a new political system in the current democratic situation in Kazakhstan show the maturity of the study of the relationship between society and government in the country. Unilateral communication in the political system is gradually giving way to bilateral relations, that is, it creates conditions for their interaction in the open work of public authorities and the population. It's clear that civil society organizations are fully functional only in a society governed by the supremacy of law.

Keywords: civil society, political parties, trade unions, public organizations, non-governmental organizations, religious associations, mass media.

References

- 1 Azamattyq qogam [Civil society]. Retrieved from <https://kk.wikipedia> [in Kazakh].
- 2 Pugachev, V.P., & Soloviev, A.I. (2005). *Vvedenie v politologiiu* [Introduction to Political Science]. Moscow: Aspekt Press [in Russian].
- 3 Qazaqstan Respublikasynda azamattyq qogamdy damytudyn 2006–2011 zhyldarga arналған tuzhyrymdamasy туралы Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin 2006 zhyly 25 shildedegi No. 154 Zharlygy [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated July 25, 2006 № 154 on the Concept of Civil Society Development in the Republic of Kazakhstan for 2006–2011 — [Electronic resource] — Retrieved from <https://adilet.zan.kz> [in Kazakh].
- 4 Qazaqstan Respublikasynyn Konstitutsiasy [The Constitution of the Republic of Kazakhstan]. (2005). Almaty: Zheti Zhargy [in Kazakh].
- 5 Turlaev, A.V., & Shakirova, A.B. Qazaqstan Respublikasyndagy azamattyq qogamnyn qalyptasuy zhane damuy [Formation and development of civil society in the Republic of Kazakhstan]. Retrieved from <https://articlekz.com/> [in Kazakh].
- 6 Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin 2020 zhyly 2 mausymdagy No. 341 qaulysy. «Qazaqstan Respublikasynda azamattyq qogamdy damytudyn 2025 zhylyga deingi tuzhyrymdamasyн bekitu turaly» Qazaqstan Respublikasynyn Prezidenti Zharlygynyn zhabasy turaly [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated June 2, 2020, No. 341. On the Draft Decree of the President of the Republic of Kazakhstan «On approval of the Concept of development of civil society in the Republic of Kazakhstan until 2025»] — Retrieved from <https://adilet.zan> [in Kazakh].